

Маңғыстау облысының білім басқармасының
Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің
№37 «Мәншүк» бөбекжайы ЖБҚ МКҚК
директоры: А.Қ.Шакирова
« _____ » _____ 2022



«Келісілді» №37, б/б әдіскері
Рабаева К.Н *[Signature]*

Логопед ұйымдастырылған іс – әрекеті

«Қыс»

Педагог логопед: Қоқанова А.С

Ақтау қаласы – 2023 жыл/қаңтар

Дыбысты машықтандыру кезеңі логопедиялық сабақ жоспары

Тақырыбы: «Қыс»

Мақсаты:

Білімділік:

- Қыс мезгілі, қысқы ойындар, қысқы табиғат ерекшелігі туралы түсініктерін нығайту. Сөздік қорын молайту.
- Ойын толық, мазмұн құрылымын бұзбай жеткізе білуге дағдыландыру.

Түзете - дамытушылық:

- ойлау процесстерін, есте сақтауын дамыту,
- жұмыс барысында қол және артикуляциялық аппарат мүшелерінің тепе – теңдігін,
- дауыстың ырғақтылығы мен күшін дамыту.
- ой-өрісін, ойын арқылы тілін, сөздік қорларын, есте сақтау қабілетін, тапқырлық, іздемпаздық қабілетін дамыту.
- Фонематикалық есту қабілетін, ұсақ қол моторикасын, кеңістікте бағдарлауын, есте сақтауын, көріп қабылдауын, ойлауын дамыту. Оқушының сөздің қорын молайту. Байланыстырып сөйлеуін дамыту.

Тәрбиелік:

- топпен және, өз бетінше жұмыс жасауға үйрету,
- логопедті мұқият тыңдауға үйрету.

Құрал – жабдықтар: тақырыптық суреттер, дыбыстық талдау – жинақтау жасауға арналған дыбыс карточкалары, тб.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Педагог логопед: - сәлеметсіздерме балалар? Бүгін бізге көптеген қонақтар келіп қалыпты, қонақтарымызбен амандасып алайық.

Балалар: - сәлеметсіздерме?

Педагог логопед: - балалар олай болса мен сіздерге жұмбақ жасырайын, шешуін тауып көріңіздер.

Шанамен зырғып келетін,

Коньки, шаңғы тебетін.

Аққала жасап ойнайтын,

Қай мезгіл деп ойлайсын? (Қыс)

Балалар: - Қыс

Педагог логопед: дұрыс айтасыздар балалар Қыс мезгілі

II. Мақсатын баяндау:

- балалар бүгін біздер Қыс мезгілінің ерекшеліктері мен танысып, түрлі тапсырмалар орындайтын боламыз.

IV. Артикуляциялық гимнастика:

-Ернімізді түтікше тәрізді алға созамыз;

-Ұртын үрлеу.

-Ернін созу"у", "о" -Жымияды " и"

-Қасын көтеру "Ой" (таң қалу)

Жай дауыспен А-а-а О-о-о У-у-у И-и-и

Қатты дауыспен А-а-а-а- а-а О-о-о-о- о-о-о У-у-у-у- у-у-у И-и-и- и-и

Мақсаты: мұрын және ауыз арқылы тыныс алуды ажырату, диафрагмальды тыныс алуды дамыту (өткізу уақыты 4-5 минут)

Тыныс алу жаттығулары: - балалар әдеттегідей тыныс алу жаттығуынан бастайық. Олай болса алдарыңызда қар құрсауында қалған аққала

1. «Қарлы дауыл» жаттығуы

Орындау ережесі: арнайы дайындалған қар құрсауындағы аққаланы алып, түтікшеге мұрынмен тыныс алып – ауызбен дем шығару арқылы дауыл жасайды. Мұрынмен тыныс алып - ауызбен дем шығару (4 рет)

2. «Жылан тілі» жаттығуы

Орындау ережесі: ақ қағаз тілшелерін, тіл ұшына жабыстыра отырып үрлеу. Тіл алға қарай шығынқы төменгі тіл үстінде орналасуы тиіс. Мұрынмен тыныс алып - ауызбен дем шығару (5 рет). Әр орындаған сайын қағазды ауыстырып отыру қажет.

Жаттығулар:

- «Кесе»
- «Сағат тілі»
- «Тіс тазалау»
- «Әткеншек»

V. Дыбыстық талдау, жинақтауды қалыптастыру бойынша жұмыс:

1-тапсырма: «Мәнерлеп сырғанаушы» ойыны.

Ойын шарты: балаларға арнайы ыдысқа салынған тұз және таяқшаға бекітілген мәнерлеп сырғанаушы қыз беріледі. Сонымен қосы дыбыстық карточкалар ұсынылады. Карточкада берілген дыбыс таңбасын таяқша көмегімен салып шығуы тиіс.

2-тапсырма: «Поезд» ойыны сөз құрау.

Ойын шарты: балаларға берілген поезд түсіне сәйкес вагондарын жалғау арқылы берілген сөзді құрайды. Дыбыстарды жеке жеке айтып, сөзге қысқаша түсінік береді.

3-тапсырма: «Аққала» ойыны.

Ойын шарты: әр балаға А4 форматтағы көк қағаз, түрлі түсті қолғаптар, аққала бас киімі, түрлі түсті ілгектер, шарфтар және сыпырғыштар ұсынылады. Бала арнайы кубикті лақтыру арқылы заттар мен түстерді анықтау арқылы жасап шығады.

VI. Сабақ қорытындысы:

Белсенді оқушыларды карточка арқылы бағалау, мадақтау.